



Сыр бойы

№127 (21202) 27 тамыз, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ҰСТАЗ – ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөз сөйледі. Президент алдымен дәстүрлі Тамыз конференциясының ашылуымен құттықтап, жиынға Қазақстанның барлық аймағынан ұлағатты ұстаздар арнайы келіп отырғанын атап өтті.

Мықты мұғалім – сапалы ұлттың тірегі, бұл – нағыз ақиқат. Осылай деген Мемлекет басшысы жиында өте ұтымды, мазмұнды баяндама жасап, тиімді ұсыныс-пікір айтқан ұстаздарға, бүкіл мұғалімдер қауымына ризашылығы мен ілтипатын жеткізді. Тиісті министрлік, жалпы Үкімет айтылған мәселелерді үнемі назарда ұстап, бұл жұмысты аса маңызды стратегиялық міндет деп түсінуге қажеттігін ескерті.

– Ұстазды ұлықтаған елдің келешегі жарқын болары айдан анық. Ұлы Абай 38-ші қара сөзінде адамның адамдығы жақсы ұстаздан болатынын айтқан. Сіздер жас буынға терең білім беріп, саналы, озық ойлы және отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге зор еңбек сіңіріп жүрсіздер. Осылайша, бәсекеге қабылетті ұлт қалыптастыруға атсалысып келесіздер.

Биылғы Тамыз конференциясы еліміздегі ауқымды өзгерістер кезеңіне тұспа-тұс келді. Бәріміз бір ел болып, түбегейлі реформаларды ойдағыдай жүзеге асырдық. Наурыз айында өткен жалпыұлттық референдум нәтижесінде жаңа Халық Конституциясы қабылданды. Тұтас қоғам қолдаған Ата Заң бірінші шілде күні күшіне енді. Бұл – еліміз үшін маңызды ерекше тарихи оқиға.

Бас құжатта тұңғыш рет білім саласына айрықша мән берілді, яғни адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамыту еліміздің стратегиялық бағыты ретінде айқындалды. Қазір бүкіл білім жүйесін және қоғамдық институттарды ауқымды жаңғырту жұмысы жүріп жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент осыдан бірнеше күн бұрын алғашқы Құрылтай сайлауы өтіп, оның кеше нәтижелері шыққанын, өте маңызды саяси науқан, бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Осы істе Орталық сайлау комиссиясы үлкен рөл атқарды. Сайлау үдерісіне дұрыс шешімдер, соның ішінде жасанды интеллект технологиясы енгізілуде. Мұндай әдіс-тәсілдер ғылымның сапасын арттыра түсті. Сондай-ақ сайлауға шетелдік байқаушылар тарапынан да қызығушылық жоғары болды. Халықаралық қауымдастық сайлау нәтижесін мойындады, оның ұлттық заңнамаға және барлық талаптарға сай өткені сөз болды.

– Мен бүгін Конституцияның 46-бабына сәйкес бірінші шақырылымдағы Құрылтайдың бірінші сессиясын шақыру туралы Жарлыққа қол қойдым. Алқалы жиын 28 тамыз күні болады. Оған дейін Құрылтайға өткен партиялар депутаттардың тізімін әзірлеуге тиіс.

Жалпы, Құрылтай сайлауы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Партиялар ұсынған тізімге тәжірибесі мол түрлі мамандық иелерімен қатар, саясатқа жаңадан келген азаматтар да енді. Олардың қатарында қабылетті жастар,



солардың ішінде Президенттің кадрлық резервінің мүшелері бар. Жаңа буын өкілдері саяси науқанды жандандыра түскені сөзсіз. Халыққа адал қызмет еткісі келетін, жауапкершіліктен тайсалмайтын, жанашыл адамдардың бәріне бірдей мүмкіндік берілді. Үгіттеп келгенде, бұл – қалыпты, яғни эволюциялық үдеріс.

Осы орайда саяси партиялардың белсенділігін, олардың идеологиялық ұстанымдарын, кәсіби деңгейін ерекше атап өткім келеді. Саяси дода кезінде ел болашағына тікелей ықпал ететін ұтымды ұсыныстар айтылды. Сайлаушылар да бұл жұмыстан тыс қалған жоқ, олар әр мәселе бойынша өз пікірлерін ашық білдіріп отырды. Бұл үгіт-насихат кезінде болған ұлттық теледебаттардан, ақпарат алаңындағы ашық пікірталастардан анық байқалды. Осылайша, қоғамда өзара құрмет пен жауапкершілік және пікір алуандығы құндылықтары орнығып жатыр, жана саяси мәдениет қалыптасуда, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, ұлтымыздың келешегін айқындайтын тарихи өзгерістер табысты болуы үшін, ең алдымен, қоғамдық сана жаңғыруға тиіс. Бұл істе мәртебелі мамандық иесі – мұғалімнің рөлі айрықша маңызды. Әлемді ең дамыған технология өзгертуі мүмкін. Ал адамды, оның дүниетанымын өзгерту – нағыз ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Сондықтан мемлекет білім жүйесін дамытуға әрдайым баса назар аударады.

– Соңғы жеті жылда бұл салаға бөлінетін қаржы үш есе артып, 6,4 триллион теңгеге жетті. Кейінгі бес жылдың ішінде 1 миллионнан астам оқушыға арналған 1120 мектеп салынды. 5 мыңнан астам ауыл мектебінің материалдық-техникалық қоры жаңартылды. Білім ошақтарында 7 мыңнан

астам заманауи үлгідегі пән кабинеттері жасакталды.

Өздеріңізге мәлім, осыдан екі жыл бұрын менің тікелей тапсырмаммен «Келешек мектептері» жобасы бастау алды. Осы жоба аясында 460 мың оқушыға арналған 217 мектеп салынды. Заманауи мектептердің жаңа стандарты пайда болды десек, артық болмайды. Алайда біз әрбір өңірде, соның ішінде мектептерге сұраныс бар аудандарда сапалы оқу орындарының құрылысын міндетті түрде жалғастырамыз. Бұл – алдымызда тұрған мемлекеттік маңызға ие аса өзекті міндет. Уақытты сөзбай жұмысқа кірісуіміз керек, келесі жылы құрылыс барысы қарқынды болуы қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент атап өткендей, ұстаздың беделін нығайтып, оларды жан-жақты қолдау үшін белсенді жұмыс атқарылып жатыр. «Педагог мәртебесі туралы» арнайы заң қабылданды. Биыл бұл заңға толықтыру енгізіліп, ұстаздарға қосымша құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер берілді. 5 қазан күні ұстаздардың кәсіби мерекесі ретінде нақты бекітілді.

– Мемлекеттік марапаттар тізіміне «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағы енгізілді. Бұл мәртебелі наградамен марапатталған тұлғаларға қомақты сыйақы беріліп жатыр. Қазірдің өзінде 100-ге жуық мұғалім марапатталды. Басқа да лайықты ұстаздар мемлекет назарынан тыс қалмай, осы құрметті атаққа ие болары күмәнсіз. Соңғы үш жылда еліміздегі 3 мұғалімге ең жоғары мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді. Бұл ұстаздар қауымына деген айрықша құрметтің белгісі екені сөзсіз.

TALIS-2024 (The OECD Teaching and Learning International Survey) зерттеуінің нәтижесіне сәйкес, Қазақстан мұғалімдердің

беделін нығайту көрсеткіші жөнінен екінші орында тұр. Сондай-ақ ұстаздардың еңбекке қанағаттану өлшемі бойынша еліміз әлемдегі алғашқы бес мемлекеттің қатарына кіреді. Атап айтқанда, ұстаздардың 95 пайызы өз жұмысына көңілі толатынын айтқан. Ал 80 пайызы осы мамандықты қайта таңдауға дайын екенін жеткізген. Баршаңызға зор алғыс!

Ұстазды қадірлей білу – өркениетті қоғамға тән қасиет. Біз ұлт сапасын арттырамыз десек, бірінші кезекте мұғалімдерге барынша қолдау көрсетуіміз керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы жалпы еліміздегі білім саласын дамыту үшін көп жұмыс атқарылып, нақты нәтижелер де бар екенін алға тартты. Былтыр оқушылар 30-дан астам беделді халықаралық олимпиада мен ғылыми жобаларға қатысып, мыңнан астам медаль жеңіп алған.

Ауыл мектебінен шыққан республикалық олимпиада жүлдегерінің саны 10 есе ұлғайса, бұл қала мен ауыл мектебіндегі білім сапасының алшақтығы айтарлықтай азайып келетінін көрсетеді. Алайда арқаны кеңге салуға әлі ерте, алдымызда көп жұмыс бар, оны тиімді атқару қажет. Білім беру саласында әлі күнге дейін шешімін таппай отырған біраз түйткіл бар. Президент осы ретте бірқатар өзекті мәселеге арнайы тоқталғанды жөн деп санайтынын жеткізіп, БІРІНШІ кезекте оқу-ағарту саласындағы кадр тапшылығын жойып, ұстаздардың біліктілігін көтеру қажеттігін ескерті.

– Бұл бағытта жүйелі шаралар қолға алынууда, нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның арқасында білім саласын таңдаған жастардың қатары көбеюде. Бұл – жақсы үрдіс. Биылдың өзінде мектеп бітірген 12 мыңнан астам түлек педагогикалық мамандық бойынша мемлекеттік грант иегері атанды. Олардың 2 мыңнан астамы – мектепті «Алтын белгімен» бітіргендер. Дегенмен кадр мәселесін түпкілікті шешу үшін әлі де біраз шаруа атқарылуға тиіс.

Елімізге тағы да 5 мыңнан астам мұғалім керек. Себебі халық саны тұрақты түрде артып келеді. Соңғы жылдары салынып жатқан мектептердің саны да елауір көп. Осы жағдай педагог мамандарға деген сұранысты арттырып отыр. Бұл мәселе бойынша министрлік тың тәсілдер ұсынуға тиіс. Сонымен қатар мұғалімдердің біліктілігін көтеру мәселесіне ерекше назар аударған жөн. Алайда осы саладағы кезекті ауқымды реформаны жасаймыз деп, бүкіл оқу жүйесін қысқа мерзімде түбегейлі өзгертуге болмайды. Әйтпесе, бұрыннан қалған теріс нәтижелер осы аса маңызды саланың тас-талқаннн шығарғаны есімзде бар. Осындай сынақтар оқу саласына үлкен зиян әкелді. Тек реформа үшін жай ғана аты бар, заты жоқ реформалар жүргізуді доғару қажет. Басқа сөзбен айтқанда, реформаларды, өзгерістерді, әрине, жүргізу керек, бірақ ондай өзгерістер мұғалімдерді әбден шаршатып, оларды күйзеліске ұшыратпауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бұл ретте әрбір реформаны, әсіресе, білім саласындағы реформаны жүзеге асыру алдында оны жан-жақты саралау қажеттігін, оның тиімділігіне әбден көз жеткізу керектігін де баса айтты.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ҮШ МӘСЕЛЕ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы, сондай-ақ жылыту маусымына дайындық барысы қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Аймақ басшысы 7 айдың қорытындысымен облыстың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері өскенін, барлық салада оң динамика қалыптасқанын атап өтті.

– Дегенмен, тау-кен өнеркәсібінің 80 пайызға жуық үлесін құрайтын шикі мұнай өндіру жыл сайын төмендеуде. Өнеркәсіп саласындағы көрсеткіштерді орындаудың қосымша тетіктерін қарастыруымыз қажет. Бұл ретте жауапты басқарма қала, аудан әкімдіктерімен, жергілікті кәсіпкерлермен кездесіп, тиісті шара қабылданыздар.

Құрылыс саласы бойынша Үкімет жеті айға бекіткен жоспар артығымен орындалды. Биыл мемлекеттік бюджеттен 106,5 млрд теңге бөлініп, 140 жобаның құрылысы жүргізілуде. Бюджет есебінен және бюджеттен тыс салынып жатқан нысандардың айлық, тоқсандық, жылдық есебін толық ұсынуды тапсырамын.

2-бет

ҚАБЫЛДАУ

ТҰРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ ТЫҢДАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев азаматтарды кезектілік тәртібімен жеке қабылдады. Келушілердің басым бөлігі тұрақты жұмысқа орналасу, денсаулық сақтау, тұрғын үй және қосымша білім беру мәселелерін көтерді.

Қызылорда қаласының тұрғыны «Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар» санаты бойынша үй кезегіне тұрғанына, баспана мәселесіне тоқталды. Оған тұрғын үй мұқтаж адамдарға кезектілік тәртібімен, заң аясында берілетіні түсіндірілді.

Сонымен қатар, жақындарын тұрақты жұмысқа орналастыруды сұраған қала тұрғындарының өтініштері де қаралды. Жұмыс іздеушілерге заң талаптарына сәйкес тұрақты жұмыс орындары ұсынылады.



Қала тұрғыны қабылдауға баласының мүгедектік тобын қайта қарау мәселесімен келген. Бұл бойынша медициналық мекемеге жүгінген. Қазіргі уақытта 2-топ мүгедектігі бар азамат медициналық көмекпен, тиісті құралдармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ биыл санаторий-курорттық мекемеде ем алған. Мамандар мүгедектік тобын өзгертуге негіз жоқ екенін айтты.

Сырдария ауданы Жетікөл ауылының тұрғыны үй кезегін қайта қалпына келтіруді сұрады. Ол 2016 жылдың тамыз айында «Жалғызбасты» санатымен Қызылорда қаласының тұрғын үй кезегіне тұрған.

Кейін ауылға қоныс аударуына байланысты кезектен шығарылған. Қазіргі таңда ауданда тұрғын үй кезегінде тұр. Өтініш иесіне кезектілікке қатысты заң талаптары түсіндірілді.

Қабылдауда көтерілген әрбір мәселе жан-жақты қаралып, тұрғындардың өтініштері бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Айта кетейік, облыс әкімінің жеке қабылдауына жазылу үшін тұрғындар eGov порталы, e-Otinish бірыңғай платформасында немесе әкімдікке жазбаша өтініш қалдыра алады.

«СБ» ақпарат

САРАП



Ашық дерек көзінен алынған

У-ға АЙНАЛҒАН БУ

2026 жылғы қантарда Ұлттық статистика бюросы 15 жастан асқан 12 мың үй шаруашылығы мүшесін қамтыған зерттеу жүргізді. Ел тұрғындарының 15,1 пайызы темекі шегетіні анықталды. Бұл 2025 жылғы 17,5 пайыздан 2,4 пайыздық тармаққа төмен. Темекі тұтынатын ерлердің үлесі – 30,5 пайыз, әйелдер арасында – 4,9 пайыз. Тұтынушылардың 98,6 пайызы өндірістік сипарет, 0,4 пайызы электронды темекі, 0,9 пайызы қыздырылатын темекі жүйелерін пайдаланатынын көрсеткен. Алайда бұл – ересектер арасында үй шаруашылықтары арқылы жүргізілген сауалнама. Тұйым салынған өнімді жасырын алатын жасөспірімдер мен заңсыз сауда көлемін мұндай зерттеу толық қамтымауы мүмкін. Сондықтан ресми 0,4 пайызы көлеңкелі нарықтың нақты ауқымы деп қабылдау қиын.

Құқық қорғау органдарының дерегі басқа көріністі көрсетеді. Қаржылық мониторинг агенттігі 2026 жылдың басынан бері вейптерді

заңсыз өткізу бойынша 12 сотқа дейінгі тергеп-тексеру бастап, айналымнан 717 мың дана өнім тәркілеген. Ақмола облысындағы бір арнаның қылмыстық табысы 221 миллион теңгеден асқан. Өнім интернет-дүкендер арқылы сатылып, курьермен жеткізілген, ақша «дропперлер» арқылы қабылданған. 29 маусымда Қостанай облысындағы «Қайрақ» өткізу пунктінде жүк көлігінен 27 624 вейп табылды. Алдың ала бағаланған құны – 500 миллион теңге. Бұл тұйым сұранысты жоймағанын, заңсыз бизнестің тең сату тәсілін өзгерткенін аңғартады.

Telegram – бұл нарық үшін кездейсоқ таңдалған алаң емес. Сатушы нақты мекенжайын көрсетпейді, каталогты жабық арнаға орналастырады, тапсырысты жеке хатпен қабылдайды, тауарды курьер немесе такси жеткізеді. 2025 жылы ҚМА вейптердің заңсыз айналымына қатысты 32 дерек тіркеп, 440 мыңнан астам бұйымды тәркілеген.

3-бет

Валюта бағамы: \$ 458,48 kzt

€ 534,68 kzt

₸ 5,43 kzt

Ауа райы: Бейсенбі

+33°

+21°

Жұма +34°

+22°

У-ға АЙНАЛҒАН

Агенттік заңсыз сауданың Telegram, WhatsApp және курьерлік қызметтер арқылы жүргенін ресми мәлімдеді. Алматыдағы істердің бірінде 180 мыңнан астам вейп жойылып, ықтимал табыс бір миллиард теңгеден асуы мүмкін болған. Екібастұзда мектеп оқушыларына өнім сатқан Telegram-дүкеннен 5600-ден астам құрылғы мен бөлшек алынған. «Гыйым екенін біле тұра сатады» деген сөз – қылмыстық істермен расталған құбылыс.

– Алғашында қызық санап, достарыммен бірге байқап көрдім. Кейін өзім де анда-санда алатын болдым. Қазір оны табу қиын емес деп айта алмаймын, бірақ жабық әлеуметтік желі паракшалары мен мессенджерлер арқылы сататындар әлі бар. Тапсырыс берсең, кейде курьермен жеткізіп береді. Жасыңды сурап, құжат тексеріп жататындар да кездесе бермейді. Студенттердің арасында бірі сатып алып, бірнеше адам кезектесіп қолдана-тын жағдайлар да бар. Басында «кәдімгі темекі емес қой» деп аса мән бермейтініміз. Тәтті дәмі мен өткір ісінің болмауы қауіпсіз сияқты әсер қалдырады. Бірақ уақыт өте келе жай қызығушылықтың әдетке айналып бара жатқанын байқайсың. Сабақ арасында, достармен отырғанда немесе көңіл күй болмай жүргенде кол автоматты түрде соған созылатын кездер болды. Ойлағандай онай емес екен, – дейді қызылордалық студент.

Қазақстанда вейп айналымына қатысты тыйым 2024 жылғы 20 маусымда күшіне енді. Қылмыстық кодекстің 301-1-бабы бойынша вейпті, оған арналған сұйықтық пен хош иістендіргішті сату немесе тарату 200 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұлға, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа не 50 тәулікке дейін қамауға әкелуі мүмкін. 2026 жылғы АЕК 4325 теңге болғандықтан, ең жоғары айыппұл 865 мың теңгеге тең. Әкелу мен өндіру үшін 2000 АЕК-ке дейін, яғни 8,65 миллион теңгеге дейін айыппұл немесе екі жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылған. Қылмыс топпен, бірнеше рет немесе аса ірі табыс табу мақсатында жасалса, жаза бес жылға дейін жетеді.

Мұнда маңызды құқықтық айырмашылық бар. Вейптердің айналымына толық тыйым салынғанымен, темекіні қыздыруға арналған электронды жүйелер вейптермен бір санатқа жатпайды. Олар темекі өнімі ретінде реттеледі: жарнамасына, ашық көрсетуге, 21 жасқа толмағандарға сатуға және тыйым салынған қоғамдық орындарда тұтынуға шектеу қойылған. Кальянға арналған темекі мен кальян қоспасын қоғамдық тамақтану орындарында, түнгі клубтарда, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында, жұмыс орындарында, қоғамдық өкілетке пайдалануға болмайды. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 441-бабы бойынша жеке тұлға 15 АЕК, яғни 2026 жылы 64 875 теңге айыппұл салынады.

НЕЛІКТЕН ЗИЯНЫН БІЛЕТІН АДАМ БӘРІБІР ШЕГЕДІ?

Облыстық жастар денсаулығы орталығының маманы Гүлдана Алмұрзаеваның айтуынша,

1-бет.



Сурет ашық дүрекеннен

вейп, электронды темекі, кальян және қыздырылатын темекі өнімдері жасына қарамастан адам ағзасына кері әсер етеді. Электронды құрылғының сұтам йықтығында никотинмен бірге глицерин, пропиленгликоль және хош иістендіргіштер болады. Қыздырылған кезде олар жай «су буын» емес, адам жұтатын аэрозоль түзеді.

– Қазір көптеген жасөспірім вейптің кәдімгі темекіге қарағанда зияны аз немесе оның құрамында никотин мүлде жоқ деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Электронды темекі сұйықтығының құрамында никотиннен бөлек глицерин, пропиленгликоль және түрлі химиялық хош иістендіргіштер болады. Құрылғы іске қосылған кезде бұл заттар жоғары температурада қыздырылып, адам ағзасына түсетін аэрозоль түзеді. Сондықтан вейптен шығатын затты жай ғана «су буы» деп айтуға болмайды. Оның құрамындағы химиялық қосылыстар тыныс алу жолдарын тітіркендіріп, өкпенің жұмысына, жүрек-қан тамырлары мен жүйке жүйесіне кері әсер етуі мүмкін, – дейді Гүлдана Алмұрзаева. – Әсіресе жасөспірімдердің ағзасы әлі толық қалыптаспағандықтан, никотинге тәуелділік олардың қалыпты дамуын тежейді. Ол зейіннің төмендеуіне, ашушаңдыққа, ұйқының бұзылуына және көңіл күйдің тұрақсыз болуына әкелуі ықтимал. Сонымен қатар бір электронды темекіні бірнеше адамның кезектесіп пайдалануы да өте қауіпті. Ауыз қуысымен жанасатын құрылғы арқылы герпес, туберкулез, вирусты гепатит және басқа да жұқпалы аурулардың таралу қаупі артады. Екі балалардың мұндай өнімдерді қолдануы репродуктивті денсаулыққа да зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан вейпті сәнді зат, күйзелісті басатын құрал немесе қауіпсіз балама деп қарастырмау керек. Бұл – адамның денсаулығына әсер ететін және никотинге тәуелділік қалыптастыратын өнім.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы электронды темекі шығарғындыларында канцерогендер мен өзге улы заттар болуы мүмкін екенін, олардың өкпе мен жүрек-қан тамырлары жүйесіне зиян келтіретінін көрсетеді. Никотин балалар мен жасөспірімдердің миының дамуына кері ықпал етіп, тәуелділікті жылдам қалыптастырады. Никотинсіз деп ұсынылған өнім де автоматты түрде қауіпсіз болып қалмайды: аэрозоль құрамында хош иістендіргіштер, өріткіштер және қыздыру кезінде пайда болатын басқа химиялық қосылыстар болуы ықтимал.

Бір құрылғыны немесе кальян ауыздығын бірнеше адамның кезектесіп қолдануы туберкулез, герпес және гепатит секілді инфекциялардың таралу қаупін арттырады. Кальян суы түпіндегі улы қосылыстарды толық сүзбейді, ал ұзақ сеанста адам көп мөлшерде түтін, көміртек тотығы мен никотин жұтады. Темекіні жандырмай,

қыздыру арқылы қолданылатын электронды жүйелердің бұл ерекшелігі де олардың қауіпсіз екенін білдірмейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қыздырылатын темекі өнімдерінің зияны аз деген тұжырымды дәлелдеуге қазіргі ғылыми деректер жеткіліксіз екенін ескертеді. Даму психологиясы маманы, Стэнфорд университетінің профессоры Бонни Халперн-Фелшер жасөспірімдер шешім қабылдағанда алыстағы ауру қаупінен гөрі дәл қазір алатын әлеуметтік пайдаға көбірек мән беретінін айтады. Сондықтан «кейін денсаулығың бұзылады» деген ескерту құрбы-құрдастың қолдауы, ортаға сіңу, қызығушылық, күйзелісті уақытша басу немесе «ересек көріну» сезімімен бәсекелесе алмай қалады.

Тәтті дәм, жарқын қаптамa және иістің тез жоғалуы қауіп сезімін әлсіретеді. Маманның пікірінше, жасөспірімді тек қорқыту жеткіліксіз: оған өнімнің қалай әдейі тартымды жасалғанын түсіндіріп, күйзелісті басқарудың қауіпсіз жолдарын ұсыну керек. Жастарға алыс болаштақтағы қатерді ғана емес, вейптің спорттық төзімділікке, ұйқыға, зейінге және күнделікті еркіндікке қалай әсер ететінін түсіндіру маңызды.

Вейпке тәуелді адамды тек «жігерсіз» деп кінәлау мәселені шешпейді. Никотин мидың маарапат жүйесіне әсер етіп, қысқа уақытқа жеңілдік пен сергектік сезімін береді. Кейін сол әсерді қайталау үшін адам құрылғыға қайта оралады. Уақыт өте бастапқы мөлшер жеткіліксіз болып, тұтыну жиілейді. Никотинге физиологиялық тәуелділікке құрылғыны қолда ұстау, демалғанда немесе маза-сызданғанда тарту секілді мінез-құлықтық әдет қосылады.

Осы тұста жеке әдет нарықтық механизммен түйселеді: сатушы тәуелді клиентті жоғалтқысы келмейді, ал сатып алушы заңсыз арнаын іздеуге дайын болады. Денсаулыққа зиян екенін біле тұра шегетін тұтынушы мен тыйым екенін біле тұра сататын көлеңкелі бизнес осылай бір-бірін қоректендіреді.

«Бу мәдениеті» деп сәндендірілген құбылыстың шынайы бейнесі – осы. Бір жағында тәтті нис пен әлеуметтік желідегі әдемі кадр, екінші жағында тәуелділік, улы аэрозоль, ерте жастағы денсаулық қатері және миллиондаған теңге айналыратын жасырын сауда тұр.

Тыйым қажет, бірақ ол жалғыз өзі жеткіліксіз. Заңсыз онлайн-дүкендерді жедел бұғаттау, курьерлік тізбекті анықтау, мектеп пен колледждегі алдын алу жұмысын нақты дерекке құру, ата-аналарға тәуелділіктің белгілерін түсіндіру және жастарға құпия әрі қолжетімді психологиялық көмек ұсыну қатар жүруі тиіс. Өйтпесе дүкен сөресінен алынған вейп телефон экранында қайта пайда болады. Бу тез тарайды. Бірақ оны салдары тез жоғалмайды.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»



Қандай ортада, қандай жағдайда болмасын жүйелі ой қозғап, көпті толғандырған тұшымды пікір айта білген азаматты құрметтейтін елдің ұрпағымыз. Әсіресе, әркім өзі ойға алған істің шешімін таба алмай жүрген, шешімін тапса да, жүзеге асыруға тәуекелі жетпей екіұдай күйде жүргенде дұрыс бағыт беріп, қадамыңа құт дарытқандай әсер ететін жандар болады. Менің қырық жылдан астам мұғалімдік қызметімде осындай дұрыс бағыт беріп, шығармашылық шабытпен жұмыс жасауыма ықпал еткен аға буын ұстаздар аз болған жоқ. Осы жолға өзіммен қатар келіп, өзіндік ұстанымы қалыптасқан, үнемі шығармашылық ізденісте болатын, мұғалімдік міндетті ұрпаққа мінсіз қызмет ету деп танитын әріптес дос Еркін Дүйсенбаев.

Еркін екеуімізді алғаш таныстырып табыстырған өткен ғасырдың токсаныншы жылдарындағы аудан мектеп директорларының бірлестік жетекшісі Жаманқұл-ов Базарбай болатын. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары мектептегі тәрбие саласы біршама дағдарысқа ұшыраған кез. Осы жөнінде Базарбай ағайымыз өз ойын ортаға сала отырып, тәрбие саласын ұлттық салт-дәстүр негіздеріне бағыттап қайта жасау керектігін, облыс көлемінде ұсыныс жасайтынын айта келіп, жобаны жасауды Еркін екеуімізге тапсырды.

Ол уақытта Еркін №166 орта мектеп директоры, мен №162 орта мектепте тәрбие ісі жөніндегі орынбасармын. Ауылымыз іргелес болғандықтан, бір-бірімізбен байланысу да қиын болған жоқ. Алғашқы жобамыз екі айда дайын болып, облыс көлемінде таратылды. Содан бері де отыз бес жылдай уақыт өтті. 1994 жылы аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Жыл директоры» конкурсында Еркін өзінің ақындық талантымен қоса, табан астында жұмбақ құрастыру мен тосын тосқауылдар табу шеберлігімен көзге түсіп, «Жыл директоры» атанды. Осы конкурстан кейін мамандығыма байланысты қандай да бір кедергіге жолықсам, Еркінмен пікірлесу мұғалімдік дағдыма айналды. Оның ұсыныстары тым қарапайым және өте түсінікті болушы еді.

– Батеке, жаналықты ешкім тыңнан бастамайды, бұрын болған дүниені өнін өзгертіп, қайта ұсынады. Сондықтан қандай дүниенің болмасын шешімін өткеннен іздеу керек, онай табасың, нәтижесі тез қол жеткізесің, – деуші еді.

1995 жылы «Народное образование» журналының Ресейден әлі шығатын кезі. Сол журналда жаздырып алып, дүниежүзіндегі білім саласындағы жаңалықтармен та-

нысып отыратынбыз. Сол журналдың бір санында «КСО» (коллективное средство обучения) әдісі ұсынылыпты. Осы әдісті мектеп бағдарламасына енгізуді жоспарлап, жан-жақты ізденіп жүріп, Еркінмен хабарластым. Аmandық-саулықтан кейін, ой-пікірімді тыңдап болып: «Осы әдістің жобасы кеңес өкіметінің жаппай сауаттандыру кезеңіне сәйкес келетін сияқты, сондықтан сол кезеңнің тарихын қарап шығу керек» деген ұсынысы дәл келгенін, соны зерделеу өзіміңң ойыма келмеген шалағайлығымды әлі күнге ыңғайсыздана еске аламын.

2001 жылы Аққұм бекетіндегі жаңадан ашылған №221 мектепке ауысып келген кезімде, мектептің жалпы жоспарлау жұмыстарында да Еркіннің көп көмегі тиді. 2002 жылы аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетіне ауысып келді. Сол жылдың соңында облыстық білім басқармасы оны кадрлар біліктілігін арттыру және акпараттық технологиялар институтына қызметке шақырды. 2003 жылдан кабинет меңгерушісі, 2006 жылдың қазанынан облыстық білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты директорының орынбасары қызметін атқарды. Осы институт қазыбағысында қызмет ете жүріп, «Зат тәжірибені зерттеу мен жалпылау», «Физиканы жанааша оқыту әдістемесі», «Қазіргі сабақты ұйымдастырудың әдістемесі» атты оқулықтардың авторы болумен қатар, Кеңірділдік білім мен Назарбаев зияткерлік мектебі дербес білім беру ұйымының біріккен әдістемелік жана бағдарламасын жазып шықты. Ол педагогика саласындағы жаңалықтарды мектеп бағдарламасында оқытудың қарапайым түрін тани білумен қатар, білімді, шығармашылық ізденіс үстінде жүретін талантты әріптестерін оқытудың ғажайып шебері болды.

Еркін Ойлы Еркін

Әртүрлі деңгейдегі кездесулер барысында «Ереке, қазір облыс орталығындасың, ғылыммен айналысуға мүмкіндік мол, қабілетіңді сынап көрсен қайтеді» деген ұсыныс айтып көріп едім, ұзақ ойланып отырып: «Ойыңды түсіндім, бірақ мені көп қызықтан айырғалы отырсың ғой, мен ғылымға беріліп, соңына түсер болсам, анау бөйгеге бабы келіп, шабыс тілеп тұрған әріптестерге қамшы сілтейтін қабілетімнен айырылып қаламын ғой, сондықтан бұл мәселені жаба тұрайық», – деген еді. Бұл ойының да астарын кейін өзі дәлелдеп, облыс көлеміндегі шығармашыл мұғалімдерді қолдау және озат тәжірибені тарату мақсатында өзінің ой-пікірін ұсына отырып, сол кездегі облыстық Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрайымы Райқұл Байназарованың қолдауымен, облыстық білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты арқылы жүзеге асырып, «облыстық тәжірибе ала-нын» құрып, жетекшілік етті. Он жылдан астам уақыт «Тәжірибе ала-ны» жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруда біліктілік пен шығармашылық бағыттарды белгілеп, конкурстар ұйымдастырды. «Тәжірибе ала-ны» қатысушылары арасынан республикалық деңгейдегі «Үздік педагог», «Үздік авторлық бағдарлама», т.б. конкурстардың көптеген жеңімпаздары шықты. 2017 жылдан бастап, «Тәжірибе ала-нының қазіргі үйлестірушісі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы директорының орынбасары Серік Күсейіновтің бастама-сымен жыл сайын ақпан педагог-тер арасында Еркін атындағы жыр мұшайрасы дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

2013 жылдан өмірінің соңына дейін Астана қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебі дербес білім беру ұйымының Педагогикалық өлшемдер орталығында эксперт-бағалаушы қызметін атқарды. Ол жақта жүргенде де облыстың шығармашыл ұстаздарымен тығыз байланыста болды. 2014 жылы бір кездескенімдізе келешекте әссе жазуды мектеп бағдарламасына енгізілетінін, оның тиімділігі мен өміршеңдігін айта отырып, «осы әссе жазудың әдістемесін қолға алсаң қайтеді» деген ұсыныс жасады. Екі жылға

жуық еңбектеніп, бағдарламаны республикалық деңгейде қорғап шықтым. Бұндағы айтпағым, Еркіннің кімнің қабілеті қай бағытқа бейім екендігін тани білетінін мойындау еді. Алайда әлі де талайды мойындатып, еліміздің білім беру саласына үлкен үлес қосатын нағыз кемеліне толған шағында келместің кемесіне мініп кете барды. Тек отбасы мен туған-туыстары ғана емес, өзін білетін білім беру саласындаға қаншама әріптестері де кимай қоштасып қала берді. Содан бері де он жыл уақыт өте шығыпты.

2017 жылы Еркіннің аруағына бағышталған аста жары Қымбаттың құрастыруымен «Көңілпе әлем сыйған жан» атты естеліктер мен Еркіннің өлеңдері және өзі ұнататын афоризмдер мен аңыз-әфсаналар топтастырылған кітабы жарық көріп, таратылды. Бір таңғаларлығы өзі айтқан афоризмдерді «белгісіз автор» деп беріп отырған. Осы кітапты оқи отырып, өзінің ойынан шыққан афоризмдер мен аңыз-әфсаналарды жазып алып, топтастырды, қажетіне жарата білетін ұқыптылығы да оқыған адамға үлкен бағыт-бағдар болмақ.

Жалпы Еркін жайында айтылар естелік өте көп. Бүгін қолыма қалам алғызып, ойыма түрткі болған аудан орталығындағы халық ең көп жүретін орталық көше-нің бойында Еркіннің күлімдеген бейнесі ілінген билбордты көріп, ерекше қуаныш па, әлде басқа бір бойымды кернеген бей-мәлім сезім бе, қасымдағы кісі-лерге «әне көрдіңдер ме» деп айнала бердім. Оны білетін көз-көргендерге телефон шалып, суретке түсіріп жібердім. Қуанға-нымнан аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Әбілғазы То-легеновке алғысымды айта барғанымда: «Ел азаматтарын құрметтеу міндетіміз ғой, дегенмен осы іске тікелей қозғаушы болған ардагер ұстаз Мырзажан Жакип-овқа да алғыс айтуды ұмтыла-тың» делі. Осының алдында ғана аудандық «Жанакорған тыныс» газетінен редактор Баян Усейінованың «Екіндіңіз Еркін» деген көлемді мақаласын оқып, арнайы кіріп алғыс айтып шық-тым. Ауыл жаққа барып, Екінді ауылына соқсам, онда да орталық көшеге үлкен билборд ілінтіті. Сондағы ардагер ұстаз Сайлау-хан Жартыбаев және басқа да ел ақсақалдарымен пікірлессе отырып, алдағы уақытта Еркіннің атына аудан орталығынан, ауыл-дан көше немесе өзі оқып, еңбек еткен мектеп атауын беру жөнін-де ұсыныс тасталдым. Ел ақсақал-дары ұсынысымды қабыл алып, алдағы уақытта жұмыс жасайтын-дықтарын айтып, қуантып шы-ғарып салды.

Көзіңді тірісінде ешқандай атак-мансапқа құмартпай, өзінің бірқалыпты қарапайым келбетінен айынамаған абзал азамат Прези-денттің, облыс әкімінің Алғыс хаттары мен «ҚР Білім беру ісінң құрметті қызметкері» төсбе-лгісінің және Республика көлемінде тартатылған бірнеше әдістемелік нұсқаулықтың қорытындысымен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Құрмет гра-мотасымен марапатталған.

Ендігі жерде айтылған ұсыныс аяқсыз қалмайды деп сенемін.

Батырхан ЖОЛАНОВ,
ардагер мұғалім

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,
«Қызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы», «Ақмешіт
жастары» және аудандық
басылымдарға жарнама
орналастырғыңыз
келсе: 70-00-52
телефоны арқылы
байланысуға болады.



E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

/// БАЙҚАУ

ӘЖЕЛЕР ӨНЕРІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда қалалық ардагерлер ұйымы мен қалалық тілдерді дамыту бөлімі бірлесе ұйымдастырған «Әжелер өнері – ұрпаққа үлгі» атты әжелер ансамблінің байқауы өтті.

Байқау мақсаты – салт-дәстүрді қайта жаңғырту кейінгі ұрпаққа өнеге ету, жас отбасындағы келіндер үшін ұлттық тағамдарды даярлау тәсілдерін үйрету, өз елін сүйетін ұрпақ тәрбиелеу. Сайыс салтанатында қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Ө.Шаменов ақ тілегін айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Әжелер өнері, әжелер өнегесі бүгінгі қоғамда тәрбие құралы екенін алдарына биік тұғыр етіп қойған 8 әжелер ансамблі осы байқауға қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.



Қазақхалқыныңсалт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын тәрбиелік мәні жағынан ұғындыра көрсетілген

қойылымдар зал толы көрерменді өздеріне тәтті етті. Қазақ халқының ежелден

келе жатқан, бірақ бүгінгі күні тасалау қалған «Қымызмұрындық», «Құрсақ шашу», «Ауша-

дияр», «Шашбау тағу» сияқты дәстүрлерін түсіндірме жүргізе отырып, ұлттық тағамдарды даярлауды нақышпен жеткізе білді. Әжелер шырқаған «Үкілім-ай», «Гүлдерайым», «Ауылдағы той» әндері көрермендерді көтеріңкі күйге бөлеп, бір серпілтіп тастады.

Байқау қорытындысымен I орын «Ұлагат» әжелер ансамбліне (А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйі), II орын «Ақниет» әжелер ансамбліне (Абай ауылы) бұйырса, екі бірдей III орынды «Асыл жандар» (қалалық білім саласы) және «Ақ бата» әжелер ансамблдері (Белкөл кенті) бөлісті.

Жүлдегерлерге қаржылай сертификат пен бағалы сыйлықтар, алғыс хат табысталды.

«СБ» ақпарат

/// СЕРПІН



АЛЫСҚА ЖЕТЕЛЕГЕН АРМАН

Футболда үлкен арманға апаратын жол бір күнде басталмайды. Біреу допты аулада қуып өседі, енді бірі бала күнінен футбол мектебінің табалдырығын аттап, әр жаттығуда мақсатына бір қадам жақындайды. Қызылордалық 16 жастағы Ерсултан Біртай да кәсіби футболшы болуды көздеп, осы жолда бірнеше жылдан бері тер төгіп келеді.

Ерсултанның футболмен жақын таныстығы тоғыз жасында басталған. Сол кезде анасы оны «Қайсар» футбол орталығына алғаш рет алып барған еді. Жас айырмашылығына қарамастан, ол өзінен үлкен балалармен бірге жаттығып, алғашқы күннен-ақ бәсекенің не екенін сезінді. Алғашқы бапкерлері оған шабуыл шебін сеніп тапсырды. Гол соққан сайын футболға деген қызығушылығы артып, алаңдағы жауапкершіліктің де салмағын түсіне бастаған.

– Маған шабуылшы позициясында ойнауға мүмкіндік берді. Сол жерде өзімді нағыз футболшылай сезіндім. Әр гол ерекше қуаныш сыйлайтын. Гол соққан сайын сенімім артып, одан да көп еңбектегің келеді, – дейді Ерсултан.

Қазір ол «Қайсардың» жасөспірімдер құрамында өнер көрсетіп, QI League доласында тәжірибе жинап жүр. Жас футболшылар үшін бұл жарыс тек ұнай мен турнир кестесі үшін өтетін бәсеке емес. Мұнда олар кәсіби футболдың талабына біртіндеп бейімделеді: өзге қалаларға сапар шегеді, түрлі алаңда ойнайды, мықты қарсыластармен кездеседі және әр матчта өзін көрсетуге мүмкіндік алады.

Биылғы маусымда Е.Бірттай 14 матчқа қатысып, екі гол соғып, бір нәтижелі пас берген. Оның негізгі позициясы – орталық шабуылшы. Дегенмен қазіргі футбол бір ғана рөлмен шектелуді көтермейді. Сондықтан бапкерлер оны шабуылдың бірнеше нүктесінде пайдалануға жүр. Осы маусымда Е.Бірттай сол қанаттағы шабуылшы ретінде 229 минут, оң қанатта 217 минут ойнаған. Бұған қоса сол жақ шабуылдаушы жартылай қорғаушы позициясында 159 минут өткізді, яғни жас ойыншы қажет кезде айып алаңының ішінде гол іздейтін форвард қана емес, екі қапталда да әрекет ете алады.

Өткен маусымдағы көрсеткіші де оның біртіндеп алға басып келе жатқанын аңғартады. Былтыр Ерсултан 21 матч өткізіп, бес гол соққан және бір нәтижелі пас берген. Жасөспірімдер футболында құр статистикадан гөрі ойыншының әр маусым сайын тәжірибе жинауы маңызды. Ал бірнеше позицияда ойнау оның футболды әр қырынан түсінуіне мүмкіндік беріп келеді.

Ерсултанның бала күннен үлгі тұтатын футболшысы – Криштиану Роналду. Португалиялық жұлдыздың алаңдағы ойынын ғана емес, еңбекқорлығы мен өзіне қоятын талабын

да жас футболшы ерекше бағалайды.

– Криштиану Роналдуға кішкентай кезімнен қараймын. Оның еңбекқорлығы ұнайды. Өзім мадридтік «Реалды» қолдаймын. Бір күні «Сантьяго Бернабеу» стадионында алаңға шықсам деген арманым бар, – дейді ол.

Арманның үлкен болғаны жаксы. Бірақ Ерсултан бүгінгі міндетін де ұмытпайды. Ол үшін қазір ең маңыздысы – күн сайынғы жаттығу, команданың негізгі ойыншыларының бірі болу және әр кездесуде өз мүмкіндігін толық көрсету. «Қайсардың» жас футболшыларымен жұмыс істейтін бапкер Сұлтан Біртайда Ерсултанның мүмкіндігін жоғары бағалайды.

– Ерсултанның әлеуеті жақсы. Техникалық жағынан қабілетті, еңбекқор, тапсырманы орындауға тырысады. Ең бастысы – оның футболға деген ниеті мен талпынысы бар. Таланттың өзі жеткіліксіз. Күн сайын жұмыс істеу керек. Оның мінезі бар, сонына дейін күрес алады, – дейді маман. – Алғаш рет өзінен үлкен балалармен бірге ойнап жүрген кезінде байқағанмын. Жас айырмашылығына қарамастан, Ерсултанның қарсыластан имен-бей әрекет етуі және доппен жұмыс істеуі назар аудартақан. Кейін оны командаға шақыру туралы шешім қабылданды.

Маман әсіресе футболшының сол аяғын, допсыз қозғалысын және алаңдағы жағдайға қарай шешім қабылдауын атап өтеді. Ерсултан стандартты жағдайларды орындай алады, алыстан соққы жасауға да бейім. Шабуыл шебінің бірнеше позициясында ойнай алуы бапкерлерге тактикалық тұрғыдан қосымша мүмкіндік береді.

Әрине, 16 жастағы футболшы үшін ең маңызды кезең енді басталып келеді. Жасөспірімдер футболындағы жақсы ойын автоматты түрде үлкен футболдағы табысқа кепіл болмайды. Алда бәсеке күшейеді, талап артады. Әр минут пен әр мүмкіндік үшін күресуге тура келеді. Ерсултан да мұны түсінеді. Оның жақын мақсаты – «Қайсар» жүйесінде өзін толық дәлелдеп, негізгі командаға дейін жету. Одан кейін Қазақстанның үздік клубтарының бірінде күшін сынап көргісі келеді. Ал түпкі арманы – Еуропа футболына қалам басып, халықаралық деңгейде өнер көрсету.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«БІЗ ҚАСЫҢЫЗДАМЫЗ, БІЗДЕН СҰРАҢЫЗ»



Қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылық. Ол тек отбасының ішкі мәселесі емес, адамның конституциялық құқығы мен бостандығына қол сұғатын құқықбұзушылық. Сондықтан мемлекет тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және оған жол берген адамдарды заң аясында жауапкершілікке тартуға ерекше назар аударады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабына сәйкес, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды және ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық көрсетуге немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге болмайды. Ал 27-бапқа сәйкес отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» Заңына сәйкес полиция органдары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, қорғау нұсқамасын шығару, құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

Егер отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында қорлау, кемсіту, балағаттау, тыныштықты бұзу немесе өзге де заңға қайшы әрекеттер жасалып, олардың құ-

рамында қылмыстық құқықбұзушылық белгілері болмаса, кінәлі тұлға Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 73-бабы бойынша жауаптылыққа тартылады. Бала тәрбиесіне қатысты міндеттерді орындамау немесе кәсілетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу фактілері бойынша ата-аналар немесе заңды өкілдер Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 127-бабына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

Егер зорлық-зомбылық салдарынан адамның денсаулығына зиян келтірілсе, ұрып-соғу, азаптау немесе өзге де қылмыстық әрекеттер жасалса, кінәлі тұлға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 108-1-бабы (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру), 109-1-бабы (ұрып-соғу), сондай-ақ қылмыстың сипатына қарай 106-бабы (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру), 107-бабы

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫ

БІЗ ҚАСЫҢЫЗДАМЫЗ. БІЗДЕН СҰРАҢЫЗ!

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының қызметкерлері **2026 жылғы 25-27 тамыз** аралығында өтетін «Біз қасыңыздамыз. Бізден сұраңыз» республикалық ақпараттық-профилактикалық акциясы аясында тұрғындар арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық көмек көрсету және қолдау қызметтері туралы кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Акция барысында азаматтарға ақпараттық жалдамалар таратылып, құқықтық кеңестер беріліп, қауіпсіздік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылады.

АКЦИЯ БАРЫСЫНДА:

- АЗАМАТТАРҒА АҚПАРАТТЫҚ ЖАЛДАМАЛАР ТАРАТЫЛАДЫ
- ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕСТЕР БЕРІЛЕДІ
- ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ

АҚПАРАТ **КЕҢЕС** **ҚОЛДАУ**

СІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІҢІЗ – БІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ! **102** СЕҢІМ ТЕЛЕФОНЫ *Қауіпсіз қоғам – жарқын келешек!*

#БізденСұраңыз #БізҚасыңыздамыз #ХалыққаЖақынПолиция #Профилактика #ҚауіпсізҚоғам

(денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру) және басқа да тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылыққа заң ерекше қатаң қарайды. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңның 10-бабына сәйкес әрбір бала зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғалуға құқылы. Кәсілетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар үшін заңнамада қатаң жаза көзделген.

Зорлық-зомбылық – үнсіз қалатын мәселе емес. Егер сіз тұрмыстық не-

се балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың куәсі болсаңыз не жәбірленуші болсаңыз, құқық қорғау органдарына дереу хабарласыңыз. Уақытылы қабылданған шара адам өмірі мен денсаулығын сақтап, ауыр зардаптардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Заң – бәріне ортақ. Зорлық-зомбылыққа төзбеушілік таныту – қауіпсіз қоғам қалыптастырудың басты кепілі.

Инабат ТӨРЕБЕКҚЫЗЫ,
Қызылорда ҚПБ ҚКБ-нің аға инспекторы,
полиция майоры

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЕСІРТКІ ТАСЫМАЛЫНА ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛДЫ

Есірткі қылмысының жолын кесуде қызметтік итердің көмегі аз емес. Қызылорда облысында өтіп жатқан «Қарасора-2026» арнайы жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында қызметтік-іздестіру итерлерінің көмегімен 38 құқықбұзушылық анықталған. Оның ішінде есірткіге қатысты 5 құқықбұзушылықтың жолы кесілді.

Қызылорда облысы аумағында «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту, есірткінің заңсыз айналымына тосқауыл қою, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Қарасора-2026» іс-шарасы I маусымда басталған. Жұмыс 31 қазанға дейін жалғасады. Осы кезеңде облыс аумағында мобилді бекеттер жұмыс істеп, оған жылдам қи-

мылдайтын арнайы жасақ, рота қызметкерлері және кинолог мамандар жұмылдырылған.

Жуырда Арал ауданы аумағындағы «Шеп» бекетінде полиция қызметкерлері «Land Cruiser» автокөлігін тоқтатқан. Көлікті тексеру кезінде кинолог маманның қызметтік-ізвестіру иті неміс овчаркасы «Босс» күмәнді затты анықтауға көмектесті. Тексеру нәтижесінде



Сурет: ашық дереккөзі

салмағы 2 келіге жуық полиэтилен пакетке салынып, скотчпен оралған зат анықталды. Сараптама қорытындысы оның марихуана екенін көрсетті. Аталған дерек бойынша қазіргі уақытта қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Полиция департаментінің мәліметінше, есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес бағытындағы жұмыс тұрақты түрде жалғасуда. Құқық қорғау органдары азаматтарды қоғам қауіпсіздігіне қатер төндіретін мұндай фактілерге бейжай қарамауға шақырады.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

МЕНШІК ІЕСІ
СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 19663

Тапсырыс №1468

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА